**СМИ Газета «Отырар алкабы» (объявление).**


Әбунәсір әл-Фараби: «Ғылым мен білімді өзің үшін емес, өзгелер үшін де ізде...»

Газет 1935 жылдың 22 маусымынан шыға бастады

# Отырар алқабы

Аудандық қоғамдық-саяси апталық газет

№29 (8510). Жұма, 18 шілде 2025 жыл.


• Аудан жаңалықтары

## МАҚТА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕТІН СЕМИНАР-КЕҢЕС ӨТТІ



Ауданымызда «Мақта дақылын жаңа технологиямен суарудың тиімділігі» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өтті.

Облыс әкімдігі мен облыстық прокуратураның, Ауыл шаруашылығы басқармасы мен Отырар, Арыс әкімдіктерінің, «Түркістан» ӘКК-нің ұйымдастыруымен өткен семинардың мақсаты – салаға заманауи агротехнологияларды енгізу арқылы өнімділікті арттыру, шаруаларға су үнемдеуді үйрету, тыңайтқыштарды тиімді пайдалануды түсіндіру, мақта өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оны халықаралық талаптарға бейімдеу жолдарын талқылау.

Бағдарлама аясында қатысушылар «Түркістан мақта агроөнеркәсіптік кешені» ЖШС аумағында егілген мақта алқабымен танысты. Ауыл шаруашылығы дақылдарына қажет тұқым, көшет, органикалық және минералды тыңайтқыштар, биоагенттер, агродрондар, гербицидтер мен пестицидтер сатушылардың көрмесі ұйымдастырылды.

Түркістан облысының әкімі Нұрлан Көшеров қатысып, семинар-кеңесті ашып берді.

– Халықтың әл-ауқатының жоғары болуы – агроөнеркәсіптік кешеннің дамуымен тығыз байланысты. Бұл ретте су үнемдеу технологияларын енгізу маңызды. Мемлекет басшысы аграрлық салаға ерекше көңіл бөліп, инновациялық амал-тәсілдерді енгізуді тапсырды. Облыста ауыл шаруашылығында жыл сайын 1 трлн теңгеден астам қаржының өнімі өндіріліп, республикада жетекші орында. Өңірде 90 мыңға жуық агроқұрылым жұмыс істейді. Бұл республикалық көрсеткіштің 31 пайызын құрайды. Осы орайда, 1 млн ауыл тұрғынының әлеуметтік жағдайы ауыл шаруашылығына тікелей қатысты. Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі – су тапшылығы. Өңірде су үнемдеу технологияларына көшу арқылы мәселені шешу қарқын алды. Биыл 27 мың гектарға су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланып, биыл 59 мың гектар алқапқа енгізіледі. 2030 жылға дейін осы әдіспен суарылатын жердің 50 пайызы қамтылады. Қолжетімділікті арттыру үшін жылдық қуаттылығы 113 мың гектарды қамтитын жергілікті 4 кәсіпорын іске қосылды. Нәтижесінде мақта дақылының дәстүрлі әдіспен орташа гектарына 25 центнерден өнім алынса, жаңа технология есебінен өнімділік 3 есеге дейін немесе гектарына 60 центнерден өнім алуға мол жетістігін отыр. Жұмыстар жалғасады. Агроқұрылымдарды жан-жақты қолдауға және мәселелерді бірлесе шешуге әзірміз. Бүгінгі семинар шаруаларға серпіліс пен мол мағлұматтар береді деп сенемін, – деді Нұрлан Оралбайұлы.

Жиынға ғалымдар, құқық қорғау органдары өкілдері, ғалымдар, жауапты басқармалар мен бөлімдердің басшылары, аудан, қала және ауылдық округтері әкімдері, агроқұрылым жетекшілері, кәсіпкерлер, мақта өсірумен айналысатын шаруа қожалықтарының иелері арнайы шақырылды. Семинар-кеңесте облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков модераторлық етіп жүргізді. Семинар-кеңесте спикерлер тақырып аясында бірқатар бағыттарға тоқталып, ой-пікірлерін ортаға салды.

Түркістан облысының прокуроры Мұрат Тлеубердиев «Мемлекет басшысының инвестицияларды қорғауды қамтамасыз ету бойынша берілген тапсырмасының орындалу барысы», «Түркістан мақта агроөнеркәсіп кешені» ЖШС Бас директоры Янь Цзюань «Түркістан облысындағы жоғары сапалы мақта егу базасын салу және пайдалану жолдары», «Мақта және бақша ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС басшысы Амандық Қостаков «Бәсекеге қабілетті отандық мақта сортын өсіру», «Таймас 2024» ЖШС басшысы Болат Құрақбаев «Отырар ауданында мақта дақылын суарудағы іс жүзінде тәжірибесімен бөлісу», «БНК АГРО» ЖШС директоры Нигели Бейсенбаев «Су үнемдеу технологияларын енгізудің тиімділіктері» тақырыбында сөз қозғады.

Айта кетейік, бүгінде аймақта «BNK Group LTD» ЖШС-нің жылына 1000 дана (50 мың га) жаңбырлатып суару машиналарын шығаратын зауыты және «14,0 мың га тамшылатып суару өндірісі» кәсіпорны, жылына 9,0 мың га тамшылатып суару жүйесін шығаратын «Тұран су» ШЖҚ МКК-нің кәсіпорны, жылына 40 000 га тамшылатып суару желісін өндіретін «XINJANG IRRIGATION» компаниясының кәсіпорны жұмыс істеп тұр.

Түркістан облысында 2025-2026 жылдары толық циклді мақта-тоқыма кластерін құру көзделген. Қазақстанда теңдесі жоқ инвестициялық ірі жоба негізінде 4 мақта өңдеу мен толыққанды тоқыма кешені жүзеге асырылады. Алып айтқанда, егіс алқабынан бастап иіру өндірісі, мата шығару мен бояу, өңдеу және дайын өнімге дейінгі барлық кезеңді қамтиды. 30 000 гектардан астам алқапта заманауи су үнемдеу технологиялары енгізіліп, мақта өсіріліп жатыр. Жергілікті тұрғындар жұмыспен қамтылады.

**«Отырар-ақпарат».**



# ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМНЫҢ КЕПІЛІ

[illegible]

**Талапты ауыл округі әкімі аппараты.**

## ХАБАРЛАМА

"Қазсушар" РМК-ның Түркістан филиалы, Отырар өндірістік бөлімшесінің 2025 жылғы бірыңғай тарифтік смета бойынша бекітілген шығындарының I -жартыжылдық нақты орындалуы туралы су тұтынушылар алдында есеп беру жиналысы ағымдағы жылдың 24 шілде күні филиалдың Түркістан қаласындағы кеңсесінде сағат 15:00 де өтеді.

**Мекен жайы: Түркістан қаласы, Қазыбек би көшесі, №196 үй.**

**Отырар ӨБ**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Kazakhstan Central Asia (Қазақстан Орталық Азия)» корпоративтік қоры Шымкент қаласы, Абай ауданы, «Тұлпар» шағын ауданы, 51 үй. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96 – бабына сәйкес «Түркістан облысындағы BOZJBAN әуежайындағы "в777-300er" ұшағын қабылдау үшін перронды кеңейту және РД-В ұзарту жұмыс жобасы үшін «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» (ҚОҚБ), көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Қоғамдық талқылау 04.08.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер және ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталында (https://ndbecology.gov.kz) танысуға болады. Анықтама телефоны +77018474319.

Талқыланып жатқан жобалар бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаудың соңғы күні сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Корпоративный фонд «Kazakhstan Central Asia (Казахстан централ Азия)» г. Шымкент, Абайский район, Микрорайон «Тулпар», дом 51, в соответствии ст. 96 Экологического Кодекса Республики Казахстан, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту «Раздел охраны окружающей среды» для рабочего проекта «Расширение перрона и удлинение РД-В для приема самолета B777-300er на аэродроме BOZJBAN в Туркестанской области». Публичные обсуждения состоятся с 04.08.2025 г. в течении 5 рабочих дней. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (https://ndbecology.gov.kz) для предоставления замечаний и предложений. Телефон для справок: +77018474319.

Замечания и предложения по обсуждаемым проектам принимаются до 18:00 часов последнего дня публичного обсуждения.

---

Т.Мұратбаев атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің ұжымы мен бастауыш кәсіподақ ұйымы осы мектептің қазақ тілі пәні мұғалімі Өмірем Айжанға сіңлісі, кіші қызметкері Дүйсен Мырзахановаға анасы

**Бекжанқызы Несібелінің**

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

---

Т.Мұратбаев атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің ұжымы мен бастауыш кәсіподақ ұйымы осы мектептің бастауыш пәні мұғалімі Мырзасейітова Айсұлуға әкесі, кіші қызметкері Өмірем Ерланға қайын атасы

**Мырзасейітов Бауыржан Керімбайұлының**

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАҢДАУЛЫ 100 КІТАПТЫ БІРГЕ АНЫҚТАЙЫҚ!




[illegible]

**Рахия МАҚТАБЕКОВА,**
**Отырар кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі**

• Жемқорлық-індет, оны жою-міндет

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚАУІПТІ КЕСЕЛ

[illegible]

**Б.ДАУЛЕТОВА,**
**Қоғам ауылдық модельді кітапханасының меңгерушісі.**

ОТЫРАР алқабы

Директоры
Азат Төлеңұлы ӘМІРБЕКОВ

Бас редакторы
Кәдірхан Сейілханұлы МАХАНБЕТ

Түркістан облысы,
Отырар ауданы әкімдігі
"Отырар алқабы" газеті
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Редакцияның мекен-жайы:
160700, Шәуілдір ауылы,
Д.Алтынбеков көшесі, №3-үй.
Байланыс телефондары:
8 /72544/ 21-3-48
Біздің электрондық поштамыз:
Oturaralkabu@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігінде 2017 жылғы 13 желтоқсанда тіркеліп, оған №16791-Г куәлігі берілген.
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаментінің Отырар аудандық Әділет басқармасында 2017 жылғы 14 шілдеде қайта тіркеуден өткізілді.

Газет редакцияның компьютер орталығында терілін, құрастырылды. Жеке кәсіпкер «PrintSap» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі №22.
Индекс: 66741. Автордың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Суреттердің сапасына редакция жауап бермейді. Компьютерлік беттен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды. Қолжазбалар авторға қайтарылмайды.
Тапсырыс: № 1614 Таралымы: 5189.

**Объявление на странице 8.**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

«Kazakhstan Central Asia (Қазақстан Орталық Азия)» корпоративтік қоры. Шымкент қаласы, Абай ауданы, «Тұлпар» шағын ауданы, 51 үй. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96 - бабына сәйкес «Түркістан облысындағы BOZJBAN әуеайлағында "в777-300er" ұшағын қабылдау үшін перронды кеңейту және РД-В ұзарту жұмыс жобасы үшін «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» (ҚОҚБ), көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Қоғамдық талқылау 04.08.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер және ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталында (https://ndbecology.gov.kz) танысуға болады. Анықтама телефоны +77018474319.

Талқыланып жатқан жобалар бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаудың соңғы күні сағат 18.00-ге дейін қабылданады.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ

Корпоративный фонд «Kazakhstan Central Asia (Казахстан централ Азия)». г. Шымкент, Абайский район, Минкрарайон «Тулпар», дом 51, в соответствии ст. 96 Экологического Кодекса Республики Казахстан, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту «Раздел охраны окружающей среды» для рабочего проекта «Расширение перрона и удлинение РД-В для приема самолета В777-300er на аэродроме BOZJBAN в Туркестанской области». Публичные обсуждения состоятся с 04.08.2025 г. в течении 5 рабочих дней. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (https://ndbecology.gov.kz) для предоставления замечаний и предложений. Телефон для справок: +77018474319.

Замечания и предложения по обсуждаемым проектам принимаются до 18.00 часов последнего дня публичного обсуждения.